

**Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен  
зейнетақымен қамсыздандыру туралы  
ШАРТ  
(қосылу шарты)**

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт (қосылу шарты) (бұдан әрі – Шарт) «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – БЖЗҚ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу бойынша агент (бұдан әрі – агент) және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылатын жеке тұлға (зейнетақы төлемдерін алушы) (бұдан әрі – салымшы) арасында соңғысының Шарттың талаптарына қосылуы арқылы жасалды және тараптардың құқықтарын, міндеттерін, жауапкершілігін және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттармен басқаша көзделмесе, БЖЗҚ, агент және салымшының басқа да құқықтық қатынастарын белгілейді.

**1. Шарттың мәні**

1. Шартқа сәйкес агент еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін, кәсіптері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты әлеуметтік қорғау саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган айқындаған өндірістердің, жұмыстардың, жұмыскерлер кәсіптерінің тізбесінде көзделген жұмыскер болып табылатын салымшының пайдасына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын (бұдан әрі – МКЗЖ) уақтылы салуға, ал БЖЗҚ оларды қабылдауға және міндеттерін Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Шарт талаптарына сәйкес орындауға міндеттенеді.

2. Шарт – агент және салымшы талаптарын ұсынылған шартқа тұтастай қосылу арқылы ғана қабылдай алатын және Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабының және Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) талаптарына сәйкес жасалатын қосылу шарты.

Шарт, оған өзгерістер мен толықтырулар БЖЗҚ интернет-ресурсында және БЖЗҚ филиалдарында көзбен шолуға оңтайлы орындарға орналастырылады.

3. МКЗЖ-ны есепке алу үшін БЖЗҚ-да жеке зейнетақы шотын (бұдан әрі – ЖЗШ) ашу Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен МКЗЖ немесе өсімпұлды аудару кезінде БЖЗҚ-ға агенттер ұсынатын жеке тұлғалардың тізімдері негізінде жүзеге асырылады.

Агент және салымшы МКЗЖ есепке алу үшін ашылған ЖЗШ-ға МКЗЖ немесе өсімпұл есепке жазылған күннен бастап Шартқа қосылған болып есептеледі.

БЖЗҚ-ның Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген функцияларын іске асыруға қажетті жеке тұлғаның азаматтығы, мәртебесі, әрекетке қабілеттілігі, жеке басын куәландыратын қолданыстағы құжаттың деректемелері, Қазақстан Республикасында тұрғылықты жері бойынша тіркелуі, «электрондық үкімет» веб-порталында тіркелген ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының телефон нөмірі туралы мәліметтерді және болған жағдайда, ол туралы өзге де мәліметтерді БЖЗҚ мемлекеттік органдардың тиісті ақпараттық жүйелерінен алады.

Салымшы Шартқа қосыла отырып, БЖЗҚ-ға МКЗЖ түскен кезде БЖЗҚ салымшының дербес деректерін келесі жағдайларда жинауды және өңдеуді жүзеге асыратынына келіседі:

БЖЗҚ-да салымшының дербес деректерін жинау және өңдеу бастапқы МКЗЖ түскен кезде МКЗЖ-ны есепке алу үшін ЖЗШ ашу мақсатымен БЖЗҚ-ға МКЗЖ аударылған және ашылған ЖЗШ-ға кейінгі МКЗЖ есептелген жағдайда жүзеге асырылады;

БЖЗҚ-да салымшының дербес деректерін жинау және өңдеу БЖЗҚ жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажет және жеткілікті дербес деректер тізбесінде айқындалған көлемде жүзеге асырылады;

БЖЗҚ Қазақстан Республикасы заңнамасында және (немесе) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген жағдайларда және тәртіппен салымшының дербес деректерін жинауды және өңдеуді, үшінші тұлғаларға беруді және трансшекаралық беруді жүзеге асырады;

БЖЗҚ-ның салымшының дербес деректерін жалпыға бірдей қолжетімді көздерде таратуға құқығы жоқ;

Салымшының дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісімі БЖЗҚ-ға бастапқы МКЗЖ сомасы түскен күннен бастап және БЖЗҚ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өз міндеттемелерін толық көлемде орындағанға дейінгі кезеңге берілген болып есептеледі.

БЖЗҚ жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажет және жеткілікті дербес деректер тізбесі БЖЗҚ-ның интернет -ресурсында орналастырылған.

4. Жеке тұлғаның БЖЗҚ-да МКЗЖ есепке алу үшін ашылған ЖЗШ болған жағдайда, МКЗЖ-ны есепке алуға арналған ЖЗШ қайта ашылмайды.

Бұл ретте агент МКЗЖ есепке алу үшін бұрын ашылған ЖЗШ-ға МКЗЖ есептелген күннен бастап Шартқа қосылған болып саналады.

## 2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

### 5. БЖЗҚ-ның:

- 1) өзінің қызметі үшін комиссиялық сыйақы алуға;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен сотта зейнетақымен қамсыздандыруға байланысты мәселелер бойынша салымшының мүдделерін білдіруге;
- 3) БЖЗҚ ішкі құжатында айқындалған тәртіппен биометриялық сәйкестендіру рәсімі немесе өзге де сәйкестендіру құралдары арқылы зейнетақы қызметтерін көрсетуге;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Кодекске сәйкес, сондай-ақ зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарттарға, кастодиандық шарттарға сәйкес агенттің және салымшының құқығына нұқсан келтірмейтін және нашарлатпайтын өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

### 6. БЖЗҚ:

- 1) МКЗЖ тартуға;
- 2) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен салымшыға зейнетақы төлемдерін жасауға;
- 3) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі –Агенттік) нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен зейнетақы жинақтарын, оның ішінде инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтарын және төлемдерді жеке есепке алуды жүзеге асыруға;
- 4) Кодекстің 55-бабында көзделген ережелерді ескере отырып:  
БЖЗҚ-да ЖЗШ ашылған күннен бастап кез келген сұрау салынатын күнге зейнетақы жинақтарының жай-күй туралы;

МКЗЖ есебінен құралған зейнетақы жинақтарының инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға беру үшін қолжетімді сомасы туралы ақпаратты ақысыз беруге;

5) Агенттіктің нормативтік құқықтық актісімен белгіленген тәртіппен және мерзімдерде зейнетақы активтері есебінен қалыптасқан БЖЗҚ инвестициялық портфелінің құрылымы туралы мәліметті өзінің интернет-ресурсында жариялауға;

6) Агенттіктің нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және көлемде инвестициялық портфельді басқарушылар туралы ақпаратты, оның ішінде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарттар жасасқан инвестициялық портфельді басқарушылардың тізбесін ашуға;

7) агентке және салымшыға зейнетақы жүйесінің жұмыс істеуі және инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызмет мәселелері бойынша өтеусіз консультациялық қызметтер көрсетуге;

8) салымшының зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге;

9) Кодекстің нормаларын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болуға;

10) салымшының зейнетақы жинақтарын Кодексте және Агенттіктің нормативтік құқықтық актісінде көзделген тәртіппен сақтандыру ұйымына аударуға;

11) Кодексте және Агенттіктің нормативтік құқықтық актісінде көзделген тәртіппен зейнетақы активтерін инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға беруге;

12) Кодексте және Агенттіктің нормативтік құқықтық актісінде көзделген тәртіппен зейнетақы активтерін инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруынан Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруына аударуды жүзеге асыруға;

13) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарт жасасуға;

14) инвестициялық портфельді басқарушымен зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарт, сондай-ақ инвестициялық портфельді басқарушымен және кастодиан-банкпен кастодиандық шарт жасасуға;

15) Агенттік белгілеген және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қаржылық есептілік пен аудиторлық есепті, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган айқындаған тәртіппен өзге де есептілік пен өзінің қызметі туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға және өзінің интернет-ресурсында орналастыруға міндетті. Бұл ретте БЖЗҚ-ға жарналар бойынша кірістерге берілетін кепілдіктер немесе уәделер қамтылған ақпаратты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған өзге де мәліметті жариялауға жол берілмейді;

16) барлық салымшыларға тең жағдайларды қамтамасыз етуге;

17) БЖЗҚ жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажет және жеткілікті дербес деректер тізбесін өзінің интернет-ресурсында орналастыруға;

18) Кодекске және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес басқа да міндеттерді жүзеге асыруға міндетті.

7. Агенттің:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясынан (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) жұмыскерде ЖЗШ-ның бар екені туралы растауды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен алуға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

*«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 14.08.2025г. № 40 хаттамасымен бекітілген Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа (қосылу шартына) өзгерістеріне сәйкес 8-тармаққа өзгерістер енгізілді.*

8. Агенттер:

1) МКЗЖ уақтылы есептеуге, ұстап қалуға (есепке жазуға) және БЖЗҚ-ға төлеуге;

2) Кодекстің 256-бабының 5-тармағында белгіленген мерзімдерде пайдасына МКЗЖ бойынша берешек өндіріп алынатын жеке тұлғалардың тізімдерін мемлекеттік кіріс органдарына ұсынуға;

3) Кодекске сәйкес өзге де міндеттемелерді орындауға міндетті.

9. Салымшы:

1) БЖЗҚ-ның интернет-ресурсындағы және (немесе) «электрондық үкімет» веб-порталындағы жеке кабинеті арқылы, сондай-ақ Кодекстің 55-бабында көзделген ережелерді ескере отырып, БЖЗҚ-ға өзі жеке жүгінген кезде жеке зейнетақы шоты ашылған күннен бастап кез келген сұрату күніне МКЗЖ есебінен құралған өзінің зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты ақы төлемей алуға, сондай-ақ БЖЗҚ-ның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен БЖЗҚ-дан зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат алу тәсілін өзгертуге;

2) инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға беру үшін қолжетімді МКЗЖ есебінен құралған зейнетақы жинақтарының сомасы туралы ақпарат алуға;

3) БЖЗҚ-ның шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасауға;

4) зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алуға;

5) өзінің зейнетақы жинақтарын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мұраға қалдыруға;

6) Агенттіктің нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен БЖЗҚ-ға Кодекстің 37-бабы 5-тармағының 3) тармақшасында көзделген сомада зейнетақы жинақтарын оған сенімгерлік басқаруға беру үшін инвестициялық портфельді басқарушыны таңдау туралы өтінішті беруге;

7) БЖЗҚ-ға өзінің зейнетақы жинақтарын бір инвестициялық портфельді басқарушыдан басқа инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға беру үшін инвестициялық портфельді басқарушыны өзгерту туралы өтініш беруге (зейнетақы жинақтарын инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға берген күннен бастап бір жылдан кейін);

8) БЖЗҚ-ға инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтарын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне сенімгерлік басқаруға қайтаруға өтініш беруге құқығы бар (зейнетақы жинақтары инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға берілген күннен бастап бір жылдан кейін).

Егер зейнетақы жинақтары инвестициялық портфельді басқарушыны таңдау туралы өтінішке сәйкес сол бір инвестициялық портфельді басқарушыға бірнеше рет сенімгерлік басқаруға аударылған болса, онда зейнетақы жинақтарын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне сенімгерлік басқаруға қайтару зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға бастапқы берген күннен бастап бір жылдан кейін жүзеге асырылады;

9) БЖЗҚ-дан инвестициялық портфельді басқарушылар туралы ақпаратты және БЖЗҚ-ның ішкі құжаттарында көзделген өзге де ақпаратты алуға;

10) өзінің зейнетақы жинақтары есебінен сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасуға;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сай басқа да құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

#### 10. Салымшы (Алушы):

1) зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру кезінде БЖЗҚ-ның міндеттемелерін орындауына әсер ететін барлық өзгерістер болған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен БЖЗҚ-ға немесе Мемлекеттік корпорацияға осындай өзгерістер туралы хабарлауға;

2) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат алу үшін қолданылатын жеке өлшемдердің (логин, пароль, электрондық мекенжай, телефон нөмірі, басқа) сақталуын және конфиденциалдылығын қамтамасыз етуге;

3) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты алу үшін қолданылатын жеке өлшемдерге (логин, пароль, электрондық мекенжай, телефон нөмірі, басқа) қасақана және/немесе абайсызда жасалған іс-әрекетінің нәтижесінде қол жеткізген үшінші тұлғалардың оларды пайдаланғаны үшін жауапты болуға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да міндеттемелерді орындауға міндетті.

### 3. МКЗЖ салу

11. Шарт бойынша МКЗЖ-ны агент меншікті қаражаты есебінен салымшының пайдасына салады.

12. Агент БЖЗҚ-ға Кодексте белгіленген мөлшерлемелер бойынша МКЗЖ-ны төлейді.

13. МКЗЖ Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен төленеді.

14. МКЗЖ-ны есептеу, ұстап қалу (есепке жазу) және БЖЗҚ-ға аудару мен олар бойынша өндіріп алу тәртібі мен мерзімдері Қазақстан Республикасының Үкіметі және Кодекспен бекітіледі.

#### **4. Зейнетақы төлемдері**

15. БЖЗҚ-дан МКЗЖ есебінен құралған зейнетақы жинақтарынан төленетін зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру тәртібін Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттармен басқаша көзделмеген болса, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

16. Зейнетақы төлемдеріне Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салық салынады.

17. Зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы, зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш деректемелерін өзгерту туралы өтініштердің және (немесе) зейнетақы төлемдерінің тәртібі мен талаптары туралы қосымша келісім (бар болса) нысандары БЖЗҚ ішкі нормативтік құжатымен бекітіліп, БЖЗҚ интернет-ресурсында орналастырылады.

#### **5. Зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аудару, зейнетақы жинақтарын инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруына беру және зейнетақы жинақтарын бір инвестициялық портфельді басқарушыдан басқа инвестициялық портфельді басқарушыға немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне сенімгерлік басқаруға беру**

18. Кодекстің 225-бабында көрсетілген адамдардың зейнетақы аннуитеті шарты болған кезде өзінің зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аударуға құқығы бар.

Кодекстің 37-бабында көрсетілген адамдар өзінің зейнетақы жинақтарын инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруына беруге құқығы бар.

19. Салымшының зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аудару, Кодекстің 226-бабы 13-тармағына сәйкес БЖЗҚ-ға қайтарылуы тиіс ақша сомасын аудару, салымшының зейнетақы жинақтарын инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруына беру және салымшының зейнетақы активтерін бір инвестициялық портфельді басқарушыдан басқа инвестициялық портфельді басқарушыға немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне беру Кодексте және Агенттіктің нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

20. Зейнетақы жинақтарын аудару туралы, инвестициялық портфельді басқарушыны таңдау (өзгерту) туралы немесе инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтарын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруына қайтаруға өтініштердің нысандары БЖЗҚ ішкі нормативтік құжатымен бекітіліп, БЖЗҚ-ның интернет-ресурсында орналастырылады.

#### **6. Салымшыға зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат беру тәртібі**

21. Салымшыға зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат беру тәртібі мен тәсілдері БЖЗҚ-ның ішкі құжаттарымен айқындалады және БЖЗҚ-ның интернет-ресурсында орналастырылады.

22. Шарттың 3-тармағына сәйкес МКЗЖ есепке алу үшін БЖЗҚ-да ЖЗШ ашылған кезде МКЗЖ-ның есебінен құралған зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты беру тәсілі БЖЗҚ-ның интернет-ресурсындағы және (немесе) «электрондық үкімет» веб-порталындағы жеке кабинеті арқылы айқындалады.

#### **7. Агент және салымшының өтініштерін қарау**

23. Агент және (немесе) салымшы БЖЗҚ-ға жазбаша, ауызша не өзінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында мынадай түрде:

1) салымшының өз құқықтары мен бостандықтарын немесе басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын іске асыруда көмектесу туралы өтініші не Қазақстан Республикасы заңдарының және басқа да нормативтік құқықтық актілерінің бұзылуы, БЖЗҚ-ның, лауазымды адамдардың жұмысындағы кемшіліктер не олардың қызметін сынау туралы хабарламасы;

2) салымшының құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің бұзылғаны, БЖЗҚ қызметкерлері мен басқа адамдардың заңсыз әрекеттері немесе әрекетсіздігі туралы шағымдары;

3) салымшының Шарт аясында ақпарат беру туралы сұрау салуы;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа да өтініш нысанында өтініш беруге құқылы.

24. Агент және (немесе) салымшының өтініштерін қарау Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Шартпен белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады.

## **8. Комиссиялық сыйақы**

25. БЖЗҚ-ның комиссиялық сыйақысының шамасы айына зейнетақы активтерінің 0,08 пайызы мөлшерінде, бірақ республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын, 0,04 еселенген айлық есептік көрсеткіштің және тиісті күнтізбелік айдың 1-і күнгі жағдай бойынша БЖЗҚ-да ашылған міндетті зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша зейнетақы жинақтары бар жеке зейнетақы шоттары санының көбейтіндісі ретінде айқындалатын шамадан аспайтын болып белгіленеді.

26. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің комиссиялық сыйақысының шекті шамасы инвестициялық табыстың 2,0 пайызынан аспайтын шекте белгіленеді.

27. Инвестициялық портфельді басқарушының комиссиялық сыйақысының шекті шамасы инвестициялық табыстың 7,5 пайызынан аспайтын шекте белгіленеді.

## **9. Міндеттемелер орындалмаған жағдайда тараптардың жауапкершілігі**

28. Шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тараптар Шартпен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен жауапты болады.

29. БЖЗҚ кінәсінен зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аудару кешіктірілген жағдайда, БЖЗҚ салымшының пайдасына аударылуы тиіс зейнетақы жинақтарының сомасына әрбір кешіктірілген күн үшін (аудару күні қосылады) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 1,5 есе базалық мөлшерлемесі мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті.

30. Зейнетақы төлемдерін уақытылы жүзеге асырмағаны үшін БЖЗҚ құқықтары бұзылған тұлғалардың пайдасына төлемдер сомасына әрбір кешіктірілген күн (төлем күні қосылады) үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 1,5 есе базалық мөлшерлемесі мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті.

31. Өсімпұл төлеу БЖЗҚ-ны зейнетақы жинақтарын аудару (зейнетақы төлемдерін жасау) бойынша міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

32. Шартпен реттелмеген жауапкершілік мәселелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

## **10. Форс-мажор жағдайлары**

33. Шарттың тараптары, дүлей күш жағдайларына байланысты міндеттемелерді тиісінше орындау мүмкін болмаған жағдайда, Шарт бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

34. Дүлей күш жағдайлары – өрт, су тасқыны, зілзала, табиғи апаттар, блокадалар, толқулар, ереуілдер, әскері іс-қимылдар, террористік актілер, Шартта көрсетілген қызметке тыйым салатын заңдардың, қаулылардың және мемлекеттік органдардың басқа да актілерінің

қабылдануы, тараптар алдын ала болжай алмаған және Шартты орындауға тікелей әсер еткен басқа да ұқсас жағдайлар қосылатын, бірақ мұнымен шектелмейтін жағдайлар.

35. Агенттің және (немесе) салымшының сұратуы бойынша БЖЗҚ салдарынан Шартқа сәйкес қабылданған БЖЗҚ міндеттемелерін орындау мүмкін емес Шарттың 33-тармағында көрсетілген жағдайлардың орын алғанын растайтын құжаттардың көшірмелерін беруі тиіс.

## **11. Шартты өзгерту және бұзу тәртібі мен талаптары**

36. Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, БЖЗҚ агентті және салымшыны мұндай өзгерістер мен толықтырулар туралы аталған өзгерістер мен толықтыруларды, сондай-ақ Шарттың жаңартылған редакциясын БЖЗҚ-ның интернет-ресурсында және БЖЗҚ филиалдарында көзбен шолуға оңтайлы орындарға орналастыру арқылы хабардар етеді.

37. Шарт қолданысы зейнетақы жинақтары болмаған жағдайда 1 (бір) ай өткен соң тоқтатылады.

## **12. Қорытынды ережелер**

38. Тараптардың Шарт бойынша реттелмеген даулары Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен шешіледі.

39. Тараптар Шарт мәніне қатысты және Шарт бойынша тараптар қатынасын реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға міндеттенеді.

40. Шарт заңды күші бірдей қазақ және орыс тілдерінде жасалды.

41. Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін агент және салымшымен жасалған шарт Шартқа қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.